

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Балабақшадағы әдістемелік кеңесті викториналық ойын форматында өткізу

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.09.2024

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/164176/>

Балабақшадағы әдістемелік кеңесті викториналық ойын форматында өткізу
(10 минут)

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім беру әдістері мен инновациялар»

Мақсаты: Тәрбиешілердің білімін тексеріп, жаңа әдістемелер туралы ой бөлісу және жаңашылдықтарды қызықты әрі интерактивті түрде таныстыру.

Міндеттері: Педагогтардың біліктілігін, тапқырлығын және кәсіби шеберлігін арттыру. Командалық жұмыс жасауға, өзара тәжірибе алмасуға және креативті ойлауды дамытуға жағдай жасау.

Ойынға қажетті материалдар:

- Алтын қақпаның символдық суреті немесе макеті
- Үш қақпаның символдары: «Тас қақпа», «Күміс қақпа», «Алтын қақпа»
- Қақпаға сәйкес тапсырмалар жазылған карточкалар
- Әр командаға арнайы белгілер (түрлі-түсті лента, карточка, жалаушалар)
- Таймер (тапсырма уақытын бақылау үшін)

Жоспар: Кеңесті ашу және қатысушыларды таныстыру (1 минут)

Жауапты: Балабақша әдіскері.

Мазмұны: Қатысушыларды топтарға бөліп, ойынның қысқаша ережелерін түсіндіру.

Ойынның қатысушылары:

- 2-3 команда (әр командада 3-4 педагог)

1. Кіріспе (1-2 минут)

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгін біз қызықты әрі танымдық «Алтын қақпа» викториналық ойынын ойнаймыз. Бұл ойын барысында сіздер өздеріңіздің кәсіби біліктіліктеріңізді сынап, тапқырлықтарыңызды көрсетесіздер. Ойын үш деңгейден тұрады: «Тас қақпа», «Күміс қақпа» және ең бастысы – «Алтын қақпа». Әр қақпаны ашу үшін тапсырмалар беріледі. Қақпаны ашқан топ келесі кезеңге өтеді. Барлығыңызға сәттілік тілеймін!

2. Ойынның барысы**I кезең: «Тас қақпа» (3- минут)****Жүргізуші:**

Алғашқы «Тас қақпаны» ашу үшін сіздерге білімдеріңізді сынайтын тапсырмалар беріледі. Дұрыс жауап берген команда қақпаны ашады.

Тапсырма:

(Тәрбие әдістемесі және психология бойынша сұрақтар)

1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі танымдық әрекеті не болып табылады?

(Жауабы: Ойын)

2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қандай әдістер жиі қолданылады?

(Жауабы: Дамытушы ойындар, сурет салу, мүсіндеу, ертегілер айту)

3. «Мектепке дайындық» ұғымының мазмұнына не кіреді?

(Жауабы: Оқу дағдылары, психологиялық дайындық, әлеуметтік бейімделу)

Жүргізуші:

Тамаша! Сіздер бұл кезеңді сәтті орындап, «Тас қақпаны» аштыңдар. Енді келесі, «Күміс қақпаға» көшеміз.

II кезең: «Күміс қақпа» (3- минут)**Жүргізуші:**

Алдарыңызда «Күміс қақпа». Бұл қақпаны ашу үшін сіздерге педагогикалық әдістерге және инновациялық технологияларға байланысты тапсырмалар беріледі.

Тапсырма:

(Педагогикалық инновациялар мен әдістемелер бойынша сұрақтар)

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында қандай инновациялық технологияларды қолдануға болады?

(Жауабы: STEM, Montessori әдісі, Жобалық оқыту технологиясы)

2. Ойын арқылы оқыту әдісі қалай аталады?

(Жауабы: Геймификация)

3. «STEM» аббревиатурасының толық мағынасы қандай?

(Жауабы: Жаратылыстану, технология, инженерия, математика)

Жүргізуші:

Керемет жұмыс! Сіздер «Күміс қақпаны» да аштыңыздар. Енді соңғы және ең басты – «Алтын қақпаға» жеттік.

III кезең: «Алтын қақпа» (3- минут)

Жүргізуші:

Міне, сіздер «Алтын қақпаға» жеттіңіздер. Бұл қақпаны ашу үшін күрделі тапсырмалар беріледі. Мұқият ойланып, жауап беріңіздер!

Тапсырма:

(Логикалық ойлауға және креативтілікке байланысты сұрақтар)

1. Балабақша педагогы қандай қасиеттерімен ерекшеленуі керек? 3 негізгі қасиетті атаңыз.

(Жауабы: Шыдамдылық, креативтілік, жауапкершілік)

2. Топта бала өзін еркін сезіну үшін педагогтың жұмысына қандай әдістер қосу керек?

(Жауабы: Қолдау көрсету, эмоционалды тұрақтылық, ынталандыру)

3. Креативті ойлауды дамытуда қандай ойындар тиімді деп есептеледі?

(Жауабы: Сюжеттік-рөлдік ойындар, құрылымсыз ойындар, шығармашылық тапсырмалар)

Жүргізуші:

Жарайсыңдар! Сіздер барлық тапсырмаларды дұрыс орындап, «Алтын қақпаны» аштыңыздар. Енді жеңімпазды анықтап, құттықтаймыз!

3. Қорытынды (2— минут)

Жүргізуші:

Құрметті әріптестер, бүгінгі викториналық ойынымыз аяқталды. Сіздер кәсіби шеберліктеріңізді көрсетіп, педагогикалық білімдеріңізді ортаға салдыңыздар. Әр команданың белсенді қатысқаны үшін алғысымды білдіремін. Алтын қақпаны ашқан топ жеңімпаз деп танылады! Бірақ бүгін бәріңіз де жеңімпазсыздар, себебі әр қатысушы білім мен тәжірибе жинады.

Марапаттау:

(Жеңімпаз топты мадақтап сыйлықтар беріледі.)

Қоштасу:

Барлықтарыңызға алғыс айтамын! Осындай шаралар бізді біріктіріп, кәсіби дамуға ынталандырады. Келесі кездесулерге дейін

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.